O₂ -нің альвеолалы көпіршікке өтуі диффузия жолымен жүзеге асады. Альвеола капиллярлы мембранның O₂ және CO₂ -нің айырмашылығы бар қысым арқылы диффузия жүреді.

Оттегі мен көмірқышқыл газ жұқа фосфолипидті қабырғалардан, альвеоларлы эпителиден, екі негізгі мембранның, капилляр қан тамырының эндотелиінен өтіп диффузияға үшірайды.

Өкпедегі диффузия оттегі үшін өте зор. Бұл көптеген альвеолалар мен газалмасудағы маңызы және альвеолакапиллярлы мембранның қалындығымен байланысты. Қанның өкпе капиллярларынан өту уақыты 1с, өкпеден шығатын артерия қантамырындағы газ қысымы альвеола көпіршігіндегі ауа қысымымен тепе-тең. Егер өкпедегі айналым жеткілікісіз болса альвеоладағы немесе қандағы CO₂ концентрациясы арта түседі. Мұның әсерінен тыныс алу жиілій түседі. Өкпеде веналық қан артериялық қанға айналады. Артерия қаны ұлпаларға түскен сәттен бастап O₂ CO₂-ге айнала бастайды. Ұлпадағы O₂ қысымы нөлге тең болса, CO₂ -нің қысымы 60мм рт.ст. Нәтижесінде қысым айырмашылығы CO, CO₂ ұлпадан қанға , ал O₂ - ұлпаға өтеді. Қан веналық қанға айналады және вена қантамырымен өкпеге барады. Тыныс алу тұрақтығына жергілікті нервтер мен гуморальдық құрылымдар қатысады және олар газ алмасуға оптимальды жағдай жасайды.

Ұйқыдағы адам 500мм тыныс шығарады және тыныс алады. Бұл ауа көлемі қалыпты тыныс алу деп аталады. Өкпеге тағы 1500мм ауа келіп түседі бұл резервті тыныс алу деп аталады. Қалыпты түрде тыныс шығарса тыныс алу бұлшықеттерінің максимальды қысыммен тағы 1500мл ауа шығарса бұл РДШ деп аталады, максимальды дем шығарған соң, өкпеде 1200мл ауа қалады. Бұл қалдық ауа деп аталады. РДШ мен ҚА көлемі шамамен 250мл өкпедегі функциональды қалдық көлемі өкпедегі ТС –РДШ мен РДА тұрады(500+1500+1500) ӨТС және өкпедегі ауа көлемін спирометра(спирограф) құрылғысының көмегімен өлшейді. Тыныс алу атмосфералық қысымның әсерінен жоғарылап не төмендеп жатады. Адам үлкен терендікте жұмыс жасаған да арнайы тыныс қоспасы керек. Тыныс қоспасы белгілі бір терендікте гидростатикалық қысымға сәйкес келу керек 10 метр терендеген сайын қысымда 1атм(0,1 мПа) жоғарылай түседі. Адам

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Калыпты және патологиялық физиология кафедрасы «Физиология» пәні бойынша дәріс кешені	044-53/ () Басылым № 1 36 беттің 16-беті

100м терендікке түскенде атмосфералық қысым 10рет жоғарылады. Бұл терендікте тыныс алу үшін тыныс қоспасы кажет.

Мұндайда қоспа тығыздығы да артып, дем алуға кедергі болады. 60-80м терендікте қанда және ұлпада көп мөлшерде газ және азот ериді. Жоғары қысымнан қалыпты қысымға алмасқанда адам организімінде азотпен көпіршіктер пайда болып капилляр қан тамырын толтырып қанайналымына кедергі жасайды. Қысымның жәймен түсіүі азотың сыртқа шығуына септігін тигізеді.

Организімге азоттың кері әсерін байқау үшін азотты, мөлшері азоттан 7 есе кем гельмен алмастырады.

1. Адам жоғары биікке шықкан сайын оттегі қысымы дем алар ауда және альвеоларлы газда төмендей береді. О2 мен альвеол СО2 қалыпты деңгейден 1,5 есе төмендейді. Бұл жағдайда адам организімі оттегіне мұхтаж болады, әсіресе бас миы, ОЖЖ т.б 7000-8000м биіктікте атмосфералық альвеолалық қысым 2 есе төмендейді мұндайда тыныс алу қатерлі. Бұл жағдайда газ қоспасы және оттегі көмектеседі.

4. Иллюстрациялық материал:

- презентация, кестелер.

5. Эдебиет қосымша № 1

6. Бақылау сұрақтары (кері байланысы)

1. Тыныс алу жүйесінің негізгі қызметтерін айтыңыз?
2. Өкпенің жалпы сыйымдылығын айтыңыз?
3. Тыныстың негізгі гуморалды факторы туралы айтыңыз?

Дәріс №5

1. Тақырыбы: Сыртқа шығару жүйесінің физиологиясы. Несеп түзу механизмі, оның реттелуі.

2. Мақсаты: несеп түзілу және несеп шығару тетіктерін, сыртқа шығару органдарының қызметін, сонымен қатар ерлер мен әйелдер репродукциясын оқып үйрену.

3. Дәріс тезистері.

Сыртқа шығару-алмасу үрдісінің бір бөлімі, зат алмасудың соңғы қалдықтарын ағзадан шығарып, ішкі ағзаны қалыпқа келтіреді, оның бұзылуы гомеостаздың бұзылуына әкеледі.

Сыртқа шығару жүйесіне: бүйрек, тер бездері. Әкпе мен ішек жатады.

Бүйрек арқылы су, тұз, токсиндер шығады.

Несеп түзетін мүшелерге екі бүйрек жатады, ал несеп шығаратын мүшелерге несепағар, қуық, несеп шығару өзегі бүйрек жатады.

Бүйрек бел бөлімінің артқы бөлігінде, соңғы кеуде омыртқасының астында, 1-2 бел омыртқасының жан-жағында орналасқан. Кеуекті және

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Калыпты және патологиялық физиология кафедрасы	044-53/ ()
«Физиология» пәні бойынша дәріс кешені	Басылым № 1 36 беттің 17-беті

милы заттан тұрады. Милы зат кеуекті затты бөліп тұратын пирамидадан тұрады.

Несепағар-қос мүше – ұзындығы -30см , 14-7мм.

Күйк- несеп жиналатын мүше. Сиымдылығы 500-700 л. Денесі мен тұбі ажыратылады. Несепағардың қабырғасы және қуықтық қабырғасы сілекейлі негізден бұлшықетten және адвентициялық қабықтан тұрады. Сілекейлі қабығы эпителимен қапталған, бұлшықетті қабығы З бұлшықетті қабаттан тұрады.

Сілекейлі қабықша қыртыстардан тұрады. Несеп қуықта толған кезде қыртыстар жайылып созылады. Қыртыстар тек қуықтың түбінде ғана болмайды.

Ер адамның зәр шығару тұтігі -18см.

Әйелдің зәр шығару тұтігі -3-1,5см.

Бүйректің негізгі морфофункциялық құрылымы нефрон. Нефрон Шумлянский–Боумен капсуласы мен артериялық капилляр шумағынан тұрады.

Қазіргі ғалымдардың пайымдауынша соңғы несеп түзілісі З қезеңнен тұрады: фильтрлеу, реобсорбциялау және секреция.

Бүйректің негізгі қызметі–несеп түзу. Несеп түзілуі, оны сыртқа шығару үрдісі *диурез* (*несеп шығару*) деп аталады. Қатлыпты жағдайда тәуліктік диурез мөлшері сыртқы қоршаган ортасын температурасына, желінген тамақтың құрамына, мөлшеріне және ішкен судың мөлшеріне байланысты. Әдетте, ересек адамда тәулігіне 1000-1800 мл (орта есеппен 1500 мл) несеп түзіледі. Ауруға шалдыққан кезде кейде тіпті сау адамда да диурез өзгеріп отырады. Физиологиялық жағдайда оның үш түрін байқауға болады: *олигурия* – тәуліктік диурездің азаюы; *полиурия*- тәуліктік диурездің көбейуі, *анурия*-несеп түзілуінің тоқтауы. Ауруға шалдыққан кезде туатын өзгерістер-энурез “шыжың” немесе түндеге несебін ұстай алмау), никтурия (түндеге несептің шектен тыс көп болып түзілуі). Бүйректегі күрделі зәр жасалуды терең түсіну үшін несеп пен қан плазмасының құрамдарының әртүрлі заттардың өзара қатынасын салыстырып қарастырылады. Ауруға шалдыққан кезде туатын өзгерістер-энурез “шыжың” немесе түндеге несебін ұстай алмау), никтурия (түндеге несептің шектен тыс көп болып түзілуі). Бүйректегі күрделі зәр жасалуды терең түсіну үшін несеп пен қан плазмасының құрамдарының әртүрлі заттардың өзара қатынасын салыстырып қарастырылады.

Несеп қаннан түзіледі, оның құрамы және қасиеті биохимия пәнінде толық қарастырылады. Біз тек қана, оның кейбіреулеріне ғана тоқтап өтеміз. Ол-гипертониялық (қаныққан) сүйік зат. Оның кату температурасы 1,5-2,2 (қан 0,56-0,58 қатады), тығыздығы 1,012-1,025, тұсі сарғылт. Тұсі несеп құрамындағы уробилин және урохром бояуларына байланысты. Несеп құрамында 2-4% құрғақ заттар бар.

Ересек адам несебінің құрамымен орта есеппен алғанда тәулігіне 30 г дейін мочевина (12 г-нан 36 г-ға дейін) шығарылады. Несеппен шығарылатын азоттың жалпы саны тәуліктің 10 г-нан 18 г дейін өзгеріп отырады. Оның мөлшері белокқа бай тамақ ішкенде, ауырғанда, әсіресе

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Калыпты және патологиялық физиология кафедрасы	044-53/ ()
«Физиология» пәні бойынша дәріс кешені	Басылым № 1 36 беттің 18-беті

белок көп ыдырайтын ауруларда жоғарылайды (мысалыб, гипертриеоз, дene температурасы өзгергенде т.б.). Қалыпты жағдайда несеппен глюкоза, белок шығарылмайды.

Бүйрек жұп мүше, салмағы 100-120г. Бүйректің негізгі морфофункциялық құрылымы-нефрон, ол малъпиги шумақтары мен бүйрек тұтікшелерінен тұрады. Эрбір бүйректе 1 млн-ға жуық нефрон бар. Олар қан, лимфа тамырларымен жиі торланған және араларында интерстициальдық сұйықтық болады. Эрбір нефронда бір-біріне тәуелді аса күрделі үрдістер жүріп тұрады. Соның нәтижесінде бүйректе несеп түзіледі.

Нефрон құрылышы-өте күрделі. Ол Шумлянский-Боумен капсуласымен, артериялық капилляр шумағынан, яғни Мальпиги шумағына және тұтікшелерден тұрады. Нефронның шумақтық бөлігі гломерулалық бөлімі деп аталады. Шумлянский-Боумен апсуласы түптеп келгенде бүйрек тұтікшелеріне айналады. Сондықтан оны нефронның тұтікше бөлімі деп те атайды. Бұл құрамында (проксимал) және (дистал) ирек тұтіктер бар, бүйректің қыртысы бөлімінде, ал Генле ілмешегі және несеп жиналатын тұтіктер ми бөлімінде болады. Эр бөлімнің өз құрылымдық ерекшеліктері болады.

Бүйрекке ағып келетін қанның 85% -ке жуығы, бүйректің қыртыс қабатындағы қан тамырларында.

Қанды алып келуші артериола тамырының қабырғасында, оның шумаққа кіретін жерінде микроэпителиялық жасаушадан пайда болған қалың тығыз түйін (macula densa) бар. Оны юкстагломерулялық (шумақ қасы) аппарат деп атайды. Егер де бүйректің қан мен қамтамасыз етілуі нашарласа, бұл аппарат ренин бөледі. Ренин артерия қан тамырының қысымын реттеп, қандағы электролиттердің мөлшерін қалыпты жағдайға келтіреді. Несеп жасалу үрдісін терең жіне жан-жақты қарастыру үшін, оның басқа да құрылышын, ерекшеліктерін білуіміз керек.

Бүйректің қан әкелуші тамыры (vas afferens) бүйректің артериасынан (a. Renalis) басталады. Бүйрек артериясы іш қолқасының бір бұтағы, осыған байланысты Мальпиги шумағы капиллярларында қан қысымы басқа мүшелер капилярындағы қысымына қарағанда (с.б.б. 25-30 мм) анағұрлым жоғары (с.б.б. 70-80мм).

Бүйректің қан әкелуші тамырына қарағанда қан әкетуші тамырының диаметрі (vas efferens) екі есе тар. Нефрон тұтікшелерінің ұзындығы 35-50 см, ал бүйректегі жалпы тұтікшелердің ұзындығы 70-100 см. Эр капилляр шумағы қабырғасының жалпы ауданы 1,5-2 м², яғни адам денесінің ауданымен бірдей. Бүйрек қанындағы (гемореналдық) тосқауыл негізінен жіңішке базалдық мембраннын тұрады. Нефрон тұтікшелерінің құрылымдық ерекшелігі, оның жоғарғы бөлімі цилиндр тәрізді эпителиден тұрады, олардың ішкі бетінде микробүрлер, яғни кері сіңіру қасиеті құшті протоплазмалық өскінділер бар. Кейін эпителийлердің пішіні өзгеріп куб

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Калыпты және патологиялық физиология кафедрасы «Физиология» пәні бойынша дәріс кешені	044-53/ () Басылым № 1 36 беттің 19-беті

тәрізді болады. Микробүрлер бүйрек аппараты тұтікшелерінің ішкі ауданының жалпы қолемін бірнеше рет ұлғайтады.

Ферменттік жүйелер тұтікше эпителийнің әр бөлімінде әркелкі орналасқан: гексокиназа Na^+ , K^+ -АУФаза жоғарғы иірімі тұтікшелерде көбірек болады, сукинатдегидраза (Na^+ , K^+ иондарын тасушы) негізінен Генле ілмешегінің жоғарғы бөлімі эпителийнде көбірек, ал төменгі бөлімінде өте аз шоғырланған. Гиалуронидаза ферменті көбіне көп мөлшерде жинайтын тұтіктің эпителийнде орналасқан. Бұл айтылған ерекшеліктер несеп түзілуі нефронының қай бөлімінде болса да өте құрделі үрдіс екенін көрсетеді.

4. Иллюстрациялық материалдар:

- презентация, кестелер.

5. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

6. Бақылау сұрақтары (көрі байланысы)

1. Қандай сыртқа шығару ағзаларын білесіз?
2. Бүйректің құрылымдық-функционалды бірлігі қалай аталады?
3. Фильтрация үдерісі қай жерде өтеді?
4. Реабсорбция үдерісі қай жерде өтеді?
5. Өзекшелік секреция үдерісі немен байланысты?

№6 дәріс

Тақырыбы: Адамның репродуктивті жүйесі. Жас ерекшеліктері. Ерлер жынысы жүйесі.

2. Мақсаты: Адамның репродуктивті жүйесін, оның жас ерекшеліктерін, ерлер жынысы жүйесінің және әйелдің репродуктивті жүйесінің қызметтерін оқып үйрену

3. Дәріс тезистері:

Ұрпақ өрбіту жүйесі. Жер бетіндегі тіршіліктің үздіксіздігі тірі организмдердің генетикалық бағдарламаға сәйкес ұрпақ жаңғырту қасиетіне негізделген. Соның нәтижесінде адамзаттың барлық өмір сүрген уақытында өмірден кеткен ұрпақтадың орнына жаңа ұрпақтар келкді. Мұны адамның саналы түрде жыныс әрекеттік жүйесі атқарады.

Бұл жүйе жыныс жасаушыларының (гамета) жетілуі, жыныстық құштарлық (либидо), салт жоралары (ритуал), жыныстық қатынас (копуляция), ұрықтану, жүктілік, босану, сүтпен емізу (лактация), ұрпақ тәрбиелеу іспеттес үрдістерінен құралады. Осының бәрі организмнің жыныстық тірліктерінің әркелкі көріністерін қамтитын бір тұтас әрекеттік жүйе арқылы реттеледі.

Жыныстық әрекеттік жүйенің ерекшелігі ер мен әйел организмінің әртүрлі өзі реттелетін тетіктерінен тұрады. Олар биологиялық және

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Калыпты және патологиялық физиология кафедрасы	044-53/ ()
«Физиология» пәні бойынша дәріс кешені	Басылым № 1 36 беттің 20-беті

әлеуметтік жүйеге жету, яғни өрбу мен тур жалғастыру үшін қарама-қарсы жынысты жынысты серіктердің өзара белсененді әрекеттесуін түзеді.

Жыныстық қалыптасу. Жыныс хромосомдар жиынтығынан пайда болады. Оған қатысты себепкерліктер жыныстық генетикалық, гонадалық, гаметалық, гормондық, денелік, азаматтық және тәрбиелік түрлерін жасайды.

Генетикалық бағдарлама бойынша ұрпақтану кезінде кариотипте XX хромосомдар қызылдырылу нәтижесі әйел жынысты, ал XY хромосомдары ерек жынысты қалыптастырады. Алайда тексті бағдарламны іске асыруға бұлар жеткіліксіз болады, оған гормондар тікелей қатысуы тиіс.

Гонадалық жынысты аталық және аналық бездер айқындайды. Мұны нағыз жынс дейді. Себебі жыныс бездерінің гаметалық қасиеті (шәует және жұмыртқа түзі) арқылы әрбір жеке тұлғаның өрбіту үрдісіндегі мәнін ашады. Бұл гаметалық жыныс.

Сондай-ақ бездер гормондық жынысты да белгілейді. Гормондардың арнамалы (андроген, эстроген) және бағыттаушы (гонадотропин) әсерлері адамның белгі түрін (фенотип) жасайды.

Денелік (морфологиялық) жыныс –жыныстық ерекшеліктері мен қосымша begілерінің қалыптысын қамтамасыз етеді.

Азаматтық (перзенттік) жыныс туылғаннан кейін жыныс мүшелерінің құрылышына қарай жазылады, сол бойынша баланың тәрбиесі жүргізіледі.

Тәрбиелік жыныс кейін әлеуметтік және психологиялық себептерден болатын жынстық сана-сезім (жыныстық мән және жыныстық серік таңдау) түрінде қалыптасады. Тәрбиелік жынысты ер балалардың үнемі бір жақты әйелдердің тәрбиесінде болуынан байқауға болады.

Табигатта өрбу маусымдық, рефлекстік, оралымды болып үш түрге бөлінеді. Жалпы аналық организмде жыныстық ырғактылық ерекше қалыптасқан. Аталық организмдердің тұқымдылығы мен жыныстық құштарлығы соладың ерекшеліктеріне бейімделеді.

Жыныстық әрекеттік жүйенің қызметі арнайы ішкі сөлініс бездерінде түзілетін жыныстық гормондардың (андроген, эстроген) қандағы мөлшеріне тәуелді келеді. Жоғарыда айтылғандай, жыныс гармондары зат алмасу үрдістерімен қатар, жалпы жыныстық әрекеттік жүйені тікелей қоздырады. Жыныс гормондарының сөлініс планета (Күннің, Айдың, су тасы мен қайтуының) әсерлеріне сәйкес болады.

Жыныс саласының анатомиялық құрылымы мен физиологиялық әрекетін жыныс мүшелерімен бірге орталық және шеткі жүйке жүйесі, ішкі сөлініс бездерінің, яғни нейроэндокриндік аппаратың әртүрлі бөлімдері қамтамасыз етеді.

Жыныс мүшелері (гениталий): жыныс бездері (гонада), ұрық жолдары, жатыр, қосалқы жыныс бездері және шағылышу (копуляция) мүшелерінен тұрады.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Калыпты және патологиялық физиология кафедрасы	044-53/ ()
«Физиология» пәні бойынша дәріс кешені	Басылым № 1 36 беттің 21-беті

Жыныс бездері аралас әрекетті бездерге жатады. Олардың сыртқы сөлініс әрекеті-жыныс жаушаларын (шәует және жұмыртқ жасушасын) бөліп шығару, ішкі сөлініс ісәрекеті- қан мен лимфаға өтетін жыныс гормондарын түзеді.

Аталық жыныс мүшелері прокециалық (ұрпақ жаңғырту) қызмет атқарады. Олардың әрбір бөлімінде сперматогенез (аталық жасушаның түзілуі, жетілуі және қор сақталуы) жүзеге асады. Бұл ерлерде 74-75 күнге созылады. Ишкі сөлініс қызметі атабезінде жыныс гормондары-андрогендерді түзуіне байланысты. Олардың ішінде негізгісі және ең белсендісі-тестострен. Андрострен тестотероннан 6-10 есе әлсіз келеді.

Еркектер организмінде андрогендер өмір бойы сперматогенезді және қосымша жыныс белгілердің дамуын қамтамасыз етеді. Жыныстық жетілу кезеңінде жыныс мүшелері өсіп, еркектерге тән дene тұлғасы, жұн жамылғысы, дауыс және т.б. қалыптасады.

Аталық жжыныс гармондар белок түзілуін жеделдетеді, зор анаболиктік қасиеті болады. Сөйтіп, өлардың әсері еркектердің қанқасын, бұлшықеттерін, ішкі ағзаларын өсіреді. Андрогендер шәует безімен қатар бүйрекусті бездерінде түзіледі. Ол әсіресе балиғаттық шағына дейін байқалады. Еркектердің организмінде острогендер де түзіледі. Эстрадиол, тестостерон сияқты, атабезінде, ал эстрон бүйрекусті безінің ізашарларынан жасалып шығады. Аталық жыныс мүшелері экскрекциялық та қызмет атқарады. Атабездің қосалқы бөлігінде андрогеннің әсерінен шәует жиналып оның спермотидтері пісіп жетіледі.

Кейін шәуетағар, қосымша бездің құйрық жағы жиырылуы арқылы шықкан, шәуетті үрпектің несеп жолына өткізеді. Бұл эякуляция рефлексі кезінде болады, оның орталықтары жұлдынның ThIX –LIV және SII –SIV сегменттерінде орналасады.

Әйелдердің бала көтеретін кезкіндегі аналық бездің қыртыс қабатында фоликулалардың жетілуі, овуляция (жұмыртқа жасушасының шығуы), орнына сары дene түзілуі, оның жүктілікке байланысты тағдыры оралымды түрде қайталанып отырады.

Жыныс жүйелері ұрпақ өрбіту қызметін атқарады. Жер бетіндегі тіршіліктің үздіксіздігі тірі организмдердің генетикалық бағдарламаға сәйкес ұрпақ жаңғырту қасиетіне негізделген. Соның нәтижесінде адамзаттың барлық өмір сүрген уақытында өмірден кеткен ұрпақтрайның орнына жана ұрпақтар келеді. Мұны адамның саналы түрде жыныс әрекеттік жүйесі атқарады. Жыныстық әрекеттік жүйенің қызметі арнайы ішкі сөлініс бездерінде түзілетін жыныстық гормондардың (андроген, эстроген) қандағы мөлшеріне тәуелді келеді. Жоғарыда айтылғандай, жыныс гармондары зат алмасу үрдістерімен қатар, жалпы жыныстық әрекеттік жүйені тікелей қоздырады.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Калыпты және патологиялық физиология кафедрасы «Физиология» пәні бойынша дәріс кешені	044-53/ () Басылым № 1 36 беттің 22-беті

Жыныс саласының анатомиялық құрылымы мен физиологиялық әрекетін жыныс мүшелерімен бірге орталық және шеткі жүйке жүйесі, ішкі сөлініс бездерінің, яғни нейроэндокриндік аппаратың әртүрлі бөлімдері қамтамасыз етеді.

Аталақ жыныс мүшелері проекциалық (ұрпақ жаңғырту) қызмет атқарады. Олардың әрбір бөлімінде сперматогенез (аталақ жасушаның түзілуі, жетілуі және қор сақталуы) жүзеге асады. Бұл ерлерде 74-75 күнге созылады. Ишкі сөлініс қызметі атабезінде жыныс гормондары-андрогендерді түзуіне байланысты. Олардың ішінде негізгісі және ең белсендісі-тестострен. Андрострен тестотероннан 6-10 есе әлсіз келеді. Еркектер организмінде андрогендер өмір бойы сперматогенезді және қосымша жыныс мүшелері өсір, еркектерге тән дене тұлғасы, жұн жамылғысы, дауыс және т.б. қалыптасады.

Аталақ жыныс гармондар белок түзілуін жеделдетеді, зор анаболиктік қасиеті болады. Сөйтіп, олардың әсері еркектердің қанқасын, бұлшықеттерін, ішкі ағзаларын өсіреді. Андрогендер шәует безімен қатар бүйрекусті бездерінде түзіледі. Ол әсіресе балиғаттық шағына дейін байқалады.

Еркектердің организмінде острогендер де түзіледі. Эстрадиол, тестостерон сияқты, ата безінде, ал эстрон бүйрекусті безінің ізашарларынан жасалып шығады. Аталақ жыныс мүшелері экскрекциялық та қызмет атқарады. Атабездің қосалқы бөлігінде андрогеннің әсерінен шәует жиналып оның спермотидтері пісіп жетіледі. Тестостеронның көп бөлінуі .Қандағы тестостеронның деңгейі жоғары көрсеткішкеэмбриональды кезде, туылғаннан кейінгі 3 айлығында жоғары болып, кеін төмендей, 6 жастан кейін көтерілу байқалады (препубертат кезеңінде), жыныстық жетілу кезеңінде айтарлықтай жоғарылаپ, 50 жастан соң төмендейді. Тестостерон деңгейі тәуліктік тербеліске ие: максимальды деңгей таңғы 7 – 9 сағатта, ал минимальды деңгей 24 – 3 сағатта болады.

Тестостеронның әсер ету механизмі нысана – жасушаларда олардың айналуы болады: гипоталамустың нейронында, гонадолиберин өндіруші (орталық гипоталамустың тоникалық орталығы), тестостеронэстрогенге айналады, ол гонадолибериннің өнуіне тежегіштік қызмет көрсетеді. Сол арқылы тестосерон деңгейі белгілі бір көрсеткіште ұсталып тұрады.

Тестостеронның физиологиялық әсерлері:

- гонаданың жыныстық ажыратуына қатысып, біріншілік жыныстық белгілердің дамуына (ишкі және сыртқы жыныс мүшелері), екіншілік жыныстық белгілердің дамуына (түк басу мен қанқаның ерлер типі бойынша қалыптасуы) қатысады;
- құштарлық пен потенцияны қамтамасыз етеді.
- сперматогенездің реттелуіне қатысады

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Калыпты және патологиялық физиология кафедрасы	044-53/ ()
«Физиология» пәні бойынша дәріс кешені	Басылым № 1 36 беттің 23-беті

Тестостерон деңгейін реттеу гипоталамусқа тікелей әсер етуге байланысты.

Тестостерон деңгейі жоғарылаған кезде гонадолибериннің өндірілуітөмендеп және керісінше болады.

Әйелдер жыныс жүйесі —өрбіту қызметін атқарады. Прогестерон эстрогендермен жүктілік кезінде қажетті гормондар. Прогестерон әйелдегі жатырдың жиырылу қызметін белсендермейді ме? Бұл ағдай жүктіліктің 2ші 3ші үшайлығында прогестерондық механизмге бета-адренорецепторлық ингибитлеуші механизм, ммиометрийдің өзіндік жиырылғыштық белсендерлігін шақыратын жағдаға тән. 1-ші 3 айлықта прогестерон жатырға тікелей тежегіш әсер көрсетуі мүмкін, ол жеткіліксіз болған жағдайда жүктіліктің үзілу қаупі, түсік тастауы мүмкін.

Сары дене — аналық жыныс безі — жұмыртқалықтың аналық жыныс **гормонын** бөлөтін эндокринді бөлігі.

Көпіршікті (үшіншілік) фолликул жарылғаннан кейін, оның орнында цитоплазмасында сары пигмент лютеин жинақталған жасушалар — **лютеоциттерден** тұратын сары дене жетіледі. Ол сыртынан дәнекер ұлпалы қабықпен қапталған. **Лютеоциттер** жұмыртқалықтағы аналық жыныс жасушаларының да- мұын (**овогенез**) тоқтататын, жатыр қабырғасындағы бездердің жұмысын қүшайтетін прогестерон гормонын бөледі.

Ұрықтану нәтижесінде пайда болған ұрық, алғашқы тәуліктерде жатыр безі бөлөтін сөл құрамындағы қоректік заттармен қоректенеді. **Прогестеронның** әсерінен жатырдың қабырғасы буаздықтың соңына дейін босаңсып тұрады. іштастау болмайды. Буаздыққа байланысты жетілген сары денені буаздық сары денесі, ал овуляциядан кейін жетіліп, ұрықтану процесі жүргемегеннен соң, кейіннен кері ыдырап кететін сары денені жыныстық айналым сары дене деп атайды.

Жұмыртқа жасушадан сигнал болмағанда прогестерон деңгейінің төмендеуімен жүретін сары дененің редукциясы болады. Сары дененің редукциясы шамамен лютеолиз циклдің лютеиндік фазасының соңында аналық без қан айналымын өзгеріске түсіретін простогландиндер әсерінен болады.

Аналық без циклі және жатыр циклін бөледі.

Әйелдерде етеккір циклінің орташа ұзақтағы жұмыртқа аралық және жатыр аралық цикл деп ажыратады. Ол 28 күнді құрайды. Кей әйелдерде 21, 26 немесе 32 күн. Үш фазадан тұады:

1. Фолликулярлы фаза-циклдің 1 күнінен 14 күніне дейін
2. Овуляторлық фаза- циклдің 14 күні
3. Лютеиндік фаза 15 күннен бастап 28 күнге дейін

Циклдің фолликулярлы фазасында эстрогенден деңгейі біртіндеп жоғарылады да, овуляция кезінде максималды деңгейге жетеді, 15 күннен бастап прогестерон деңгейі артады. Жатырдағы эндометрий өзгерістері 4 фазаға бөлінеді: десквамация, регенерация, пролиферация және секреция.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Калыпты және патологиялық физиология кафедрасы	044-53/ ()
«Физиология» пәні бойынша дәріс кешені	Басылым № 1 36 беттің 24-беті

Десквамация сатысында эндометрийдің сылынуы етеккірді туындалаты. 3-5 күн регенерация fazасы эндометрий қалпына келеді, етеккір келуінің 1күнінен бастап 5-6 күнге созылады. Пролиферация эндометрийдің өсуі, ондағы бездердің дамуы 14күнге созылады. Секреция fazасы 15 күнене бастап 28 күнді қоса алғанда прогестерон әсерінен эндометрий бездері гликогеннен тұратын секрет бөле бастайды. Сонымен, осы fazасында жатырдың шырышты қабыты ұрықтанған жұмыртқа жасушаны қабылдауға дайын болады.

Лактация –сүт секреті. Ол сүт майы лактоза, ақуыздар, су және минералды тұздар. Сүт майы липидтер қоспасы: триглицеридтер. Диグлицидцеридтер, моноглицеридтер, бос май қышқылы, фосфолипидтер мен стириидтер. Сүтке кіретін барлық май қышқылдары альвеолярлық жасушаларда, жартылай – қаннан тұзіледі. Май тамшысы альвеола қуысына экзоцитоз арқылы кіреді. Ақуыхдар да альвеолярлық жасушалардың ішінде синтезделеді, қанмен келген амин қышқылдары арқылы. Сүттің басты ақуызы казейн. Лактоза глюкозадан альвеолярлық жасушадан- Гольджи аппаратында тұзілді.

4.Иллюстрациялық материал:

- презентация, кестелер.

5.Әдебиет қосымша № 1

6. Бақылау сұрақтары (көрі байланысы)

1. Репродуктивті денсаулық дегеніміз не?
2. Сары дененің атқаратын қызметтері?
3. Етеккір циклі?
4. Лактация деген не ?

<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	
<p>Қалыпты және патологиялық физиология кафедрасы</p> <p>«Физиология» пәні бойынша дәріс кешені</p>	<p>044-53/ () Басылым № 1 36 беттің 25-беті</p>	

Қосымша №1

Әдебиет

Қазақ тілінде:

Негізгі әдебиеттер

1. Адам физиологиясы. 1том :оқулық / ред. Г. И. Косицкий. - ;Қазақ тіліне аударған Ф. А. Миндубаева. - Алматы :Эверо, 2015. - 294 бет
2. Адам физиологиясы. 2том :оқулық / ред. Г. И. Косицкий. - ;Қазақ тіліне аударған Ф. А. Миндубаева. - Алматы :Эверо, 2015. - 320 бет
3. Адам физиологиясы. 3 том :оқулық / ред. Г. И. Косицкий. - ;Қазақ тіліне аударған Ф. А. Миндубаева. - Алматы :Эверо, 2015. - 320 бет
4. Бабский, Е. Б. Адам физиологиясы. 1 том :оқулық /. - 3-бас. - Алматы :Эверо, 2015. - 234 бет
5. Бабский, Е. Б. Адам физиологиясы. 2 том :оқулық. - 3-бас. - Алматы :Эверо, 2015. - 238 бет
6. Бабский, Е. Б. Адам физиологиясы. 3 том :оқулық. - 3-бас. - Алматы :Эверо, 2015. - 218 бет
7. Сайдахметова, А. С. Физиологиядан тәжірибелік сабактарға нұсқаулар: оку құралы. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 260 бет. с.
8. Қалыпты физиология: оқулық / РФ БФМ ; ред. басқ. К. В. Судаков; М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 864 бет. + әл. опт. диск

Қосымша әдебиеттер

1. Қасымбеков, В. Қ. Қалыпты физиология бойынша ахуалдық есептер жиынтығы: оқу-әдістемелік құрал / Алматы : Эверо, 2016. - 152 бет. с.
2. Қасымбеков, В. Қ. Физиологиялық зерттеу әдістері: оқу- әдістемелік құрал / В. Қ. Қасымбеков, Ф. К. Балмағанбетова, А. Т. Қалдыбаева. - Алматы : Эверо, 2016. – 176
3. Рахыжанова, С. О. Физиология анатомия негіздерімен: оқуқұралы / С. О. Рахыжанова, А. С. Сайдахметова, Г. М. Токешева ; ҚР денсаулықсақтауминистрлігі; СММУ. - ; СММУ оқу-әдістемелік кеңесі шешімімен бекіт. және бас. ұсынылған. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 200 бет.
4. Нұрмұхамбетұлы, Ә. Орысша-қазақшамедициналық (физиологиялық) сөздік = Русско-казахский медицинский (физиологический)

Электронды басылымдар

Шандаулов А.Х. Жалпы физиология
негіздері https://mbook.kz/ru/index_brief/374/

Миндубаева Ф.А., Абушахманова А.Х., Шандаулов А.Х. Физиология пәнінен практикалық сабактарға арналған нұсқау/Оқу – әдістемелік құрал.- Алматы, Эверо, 2020.-175 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/605/

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Калыпты және патологиялық физиология кафедрасы «Физиология» пәні бойынша дәріс кешені	044-53/ () Басылым № 1 36 беттің 26-беті

Адам физиологиясы. Динамикалық сызбалар:оқулық / [Электронный ресурс]
 К. В. Судаков [ж.б.] ; казақтіл. ауд. М. Қ. Қанқожа. - Электрон.текстовые дан. (105Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2017. - 464б.

Қалыпты физиология [Электронный ресурс] :оқулық / қаз.тіл. ауд. Ф. А. Миндубаева ; ред. К. В. Судаков. - Электрон.текстовые дан. (1,42Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 864 бет.эл. опт. диск

Адам физиологиясы. 1-кітап. Торманов Н., ТөлеухановС. , 2015<http://rmebrk.kz/book/1153557>

Торманов, Н., Төлеуханов, С.Адамфизиологиясы: оқулық: Оқулық.1 -кітап. - Алматы: Бастау, 2015. - 344б.<http://rmebrk.kz/book/1153557>

ШандауловА.Х Жалпы физиология негіздері: оқулық / А.Х. Шандаулов.— Алматы:Эверо, 2020.— 232 бhttps://www.elib.kz/ru/search/read_book/6998/

Қалыпты физиология бойынша ахуалдық есептер жиынтығы/Оқу- әдістемеліккұралы / В.Қ. Қасымбеков, Р.Е., Нұргалиева, А.Т. Қалдыбаева. – Алматы: Эверо, 2020. –152 б.https://elib.kz/ru/search/read_book/2776/

Электронды деректер базалар

1. Электронная библиотека ЮКМА - <https://e-lib.skma.edu.kz/genres>
2. Республикаанская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – <http://rmebrk.kz/>
3. Цифровая библиотека «Aknurpress» - <https://www.aknurpress.kz/>
4. Электронная библиотека «Эпиграф» - <http://www.elib.kz/>
5. Эпиграф - портал мультимедийных учебников <https://mbook.kz/ru/index/>
6. ЭБС IPR SMART <https://www.iprbookshop.ru/auth>
7. Информационно-правовая система «Зан» - <https://zan.kz/ru>
8. Cochrane Library - <https://www.cochranelibrary.com/>

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Калыпты және патологиялық физиология кафедрасы «Физиология» пәні бойынша дәріс кешені	044-53/ () Басылым № 1 36 беттің 27-беті	